

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту. Қазақ халқының ұлттық ойындарын ойнауға қызықтыру, үйрету

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту. Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру. Мамандықтар туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; креативті және сыни ойлауды дамыту;

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: Балаларда барлық режимдік сәттерде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету; Өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, экологиялық білім беру сапасы мен тәрбиеленушілердің экологиялық мәдениетін арттыру

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру. Ұлттық ойындар ойнауға алаңдар жасақтау
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. Отбасымен бірлескен әрекеттер ұйымдастыру. «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмыстарын ұйымдастыруды жолға қою.
- ✓ Ұйымдастырылған іс-әрекеттер барысында еңбек әрекетін зерттеу, балаларда еңбек дағдыларын дамыту, балалардың еңбекке деген ынтасы мен қызығушылықтарын қалыптастыру үшін қазіргі сұраныстағы мамандықтардың алуан түрлерімен танысуға және мамандық түрлерін ойын арқылы игеруге мүмкіндік бе
- ✓ Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ Қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.
- ✓ Табиғатқа, ұлттық және табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Экологиялық-ақпараттық шаралар, акциялар, көрмелер, байқаулар, экологиялық жобалар жүргізу.
- ✓ «Жасыл балабақша» жобасын жүзеге асыру
- ✓ Баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау
- ✓ Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық және қаржылық сауаттылықты қалыптастыру
- ✓ Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру